

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**АЛМАТЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі және сапасы» кафедрасы**

**Тақырыбы: ИСО-ның ұйымдастырушылық құрылымы**

Тексерген :

Тобы:

Орындаған :

Халықаралық байланыстардың үздіксіз кеңейе түсуі, стандарттаудың жеке мемлекет шеңберінде шектеліп қалуына мүмкіндік бермейді. Түрлі елдердің саудалық, экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастықта жетістіктерге жетуіне, бірінші кезекте халықаралық стандарттаудың маңызы орасан.

Халықаралық стандарттарды өзірлеу қажеттілігінің әбден көзге көріне түсу себебі халықаралық сауданың осу қарқыны ұлттық экономиканың дамуынан 3-4 есе асып тұрса да әлемдік нарыққа ұсынылған бірдей енімдердің ұлттық стандарттарындағы айырмашылықтар халықаралық сауданың дамуына кедергі бола берді.

Стандарттау ауқымындағы халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың негізгі міндеті - үйлесімділік. Яғни, стандарттар деңгейін отандық енім сапасын және оның әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттігін көтеру мақсаттарында ұлттық стандарттау жүйелерін халықаралық, аймақтық және шетелдік алдыңғы қатарлы ұлттық стандарттау жүйелерімен үйлестіру.

Халықаралық ынтымақтастық стандарттаудың халықаралық және аймақтық ұйымдар бағытында атқарылады.

Халықаралық стандарттау төңірегінде Халықаралық стандарттау ұйымы (ИСО), Халықаралық электртехникалық комиссия (МЭК), Халықаралық электрбайланыс одағы (МСЭ) және басқа да кептеген ұйымдар жұмыс атқарады.

**Халықаралық стандарт-** стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым қабылдаған және тұтынушылардың көпшілігі қол жеткізе алатын стандарт (Қазақстан Республикасының 2004 жылдың 9 қарашасындағы «Техникалық реттеу туралы» Заңы).

Халықаралық стандарттар құрамындағы адамдардың қауіпсіздігінің тиісті деңгейін қамтамасыз етуге, денсаулық сақтау мен қоршаған ортаны қорғауға бағытталған ақпараттың құндылығы арқасында елдер арасындағы сауданы кеңейтуге арналған негізгі құжаттар болып табылады. Халықаралық стандарттаудың басты идеясы болып жасалып қойған ұлттық стандарттардың негізінде халықаралық стандарттар әзірлеп, оларды ұлттық деңгейде жүзеге асыру табылады. Сондықтан да халықаралық ұйымдардың техникалық комитеттері бар ұлттық стандарттарға әсер ету үшін кеңестер дайындады. Алғашқы кеңестер («Өнеркәсіптік өлшемдер үшін стандартты анықтамалық температуралар») 1951 жылы пайда болды, ал 1957 жылы ИСО-ның онжылдығында барлығы 57 кеңестер болды. Бірақ, осыған қарамастан кәсіпорындар оларға тәуелсіз халықаралық стандарттар ретінде жүгіне алмады. Осыған байланысты, халықаралық стандарттарды қабылдауға бағдар алған жұмысты қайта құру басталды.

ИСО-ның негізгі мақсаты стандарттаудың және қызметтердің ұштасқан түрін бүкіл дүние жүзінде дамуын ынталандыру. Бұл іс-әрекет тауарлармен, қызметтермен халықаралық алмасу процесінің және интеллектуалдық меншіктің, ғылыми-техникалық, технологиялық және экономикалық салаларының қызметтерінің дамуын қамтамасыз етеді.

ИСО-ның қызметінің тәжірибелік нәтижесі деп әр түрлі салалардың халықаралық стандарттарын қабылдауды және жариялауды дайындау арқылы халықаралық келісімге келуді айтады. Оларды әзірлеу кезінде ИСО барлық мүдделі жақтардың күтетін мақсаттарын ескереді - өнім (қызмет) өндірушілердің, тұтынушылардың, ғылыми-техникалық өкіметтік және қоғамдық ұйымдардың.

ИСО-ның мүшелері ИСО-ның кез келген техникалық комитетінің жұмысына қатыса алады, стандарт жобасы бойынша дауыс беруге құқылы, ИСО-ның Кеңесінің мүшелігіне сайланады және Бас ассамблеяның отырыстарына қатысады.

ИСО-ның корреспондент – мүшелері ондай белсенді жұмыс жүргізбейді, бірақ әзірленіп жатқан стандарттар туралы толық ақпарат ала алады. Корреспондент – мүшесі болып негізінен дамып келе жатқан елдердің ұйымдары болады.

ИСО-ның қол қойған мүшелері жарнасын төлейді және халықаралық стандарттау туралы ақпарат алып отырады. "Қол қойған мүше" категориясы дамып келе жатқан елдер үшін енгізілген. Стандарттаудың негізгі нысандары мен стандарттар мел-шері (жалпы мөлшерден алынған %-ы) ұйым мүдделерінің кең диапазонын сипаттайды:

Машинажасау-29; Химия- 13; Металемес материалдар ;Кендер мен металдар;  
Ақпараттық техника-8; Ауыл шаруашылығы-8; Құрылыс-4; Арнайы техника-3;  
Денсаулық сақтау мен медицина-3; Негіз қалаушы стандарттар -3; Қоршаған орта- 3;  
Тауарларды буып-түю мен тасымалдау-2;

ИСО стандарттары әлемде өте кең көлемде пайдаланылады. Олар 100 млн асады, ал жыл сайын 500-600 стандарттар қайта қаралып және қабылданып жатады.

Халықаралық стандарттар жобаларын техникалық комитет шеңберінде іс-әрекет жасайтын тікелей жұмысшы топтары әзірлейді.

ИСО өз міндеттерін тауарлар және корсетілетін қызметтермен халықаралық алмасуын қамтамасыз ету, сондай-ақ интеллектті, ғылыми-техникалық мен экономикалық салалардың ынтымақтастығын дамыту мақсатында дүниежүзінде стандарттауды және стандарттаумен сабақтас қызметтер түрлерін дамытуға ықпал етумен анықтайды.

Стандарттаудың негізгі нысандары мен стандарттар мел-шері (жалпы мөлшерден алынған %-ы) ұйым мүдделерінің кең диапазонын сипаттайды:

Машинажасау-29; Химия- 13; Металемес материалдар ;Кендер мен металдар; Ақпараттық техника-8; Ауыл шаруашылығы-8; Құрылыс-4; Арнайы техника-3; Денсаулық сақтау мен медицина-3; Негіз қалаушы стандарттар -3; Қоршаған орта- 3;Тауарларды буып-түю мен тасымалдау-2;

ИСО стандарттары әлемде өте кең көлемде пайдаланылады. Олар 100 млн асады, ал жыл сайын 500-600 стандарттар қайта қаралып және қабылданып жатады.

ИСО-ның Кеңесіне 7 комитет бағынады:

ПЛАКО (техникалық басқару бюросы), СТАКО (стандарттаудың ғылыми принциптерін зерттейтін комитет), КАСКО (сәйкестікті бағалау жөніндегі Комитет), ИНФКО (ақпарат жүйесі және қызметтер жөніндегі комитет), КОПОЛКО (тұтынушылардың мүддесін қорғайтын комитет), РЕМКО (стандарттар үлгісі жөніндегі Комитет).

ДЕВКО дамып келе жатқан елдердің стандарттау төңірегіндегі сұраныстарын зерттейді және сол елдердің осы сала-сына ықпал етуге ұсынымдар әзірлейді.

ДЕВКО-ның басты функциясы:

- дамып келе жатқан елдерде стандарттаудың барлық аспектілерін кең көлемде талқылаулар ұйымдастыру, дамыған елдердің тәжірибелерін алмасуға жағдайлар жасау;
- дамыған елдердің түрлі оқып-үйрету орталықтары база-сында стандарттау жөнінде мамандар даярлау;
- дамып келе жатқан елдердегі стандарттаумен айналысатын ұйымдар мамандарын тәжірибе жинақтауға жіберуге ықпал ету;
- дамып келе жатқан елдер үшін стандарттау жөнінде оқу құралдар дайындау;
- стандарттау және метрология төңірегінде өнеркәсібі дамыған елдер мен дамып келе жатқан елдердің екі жақты ын-тымақтастығының дамып-жетілуіне себепші болу. Бұл бағыт-тарда ДЕВКО БҰҰ-мен қызметтес болып келеді. Біріккен әрекеттердің, әсердің нәтижелерінің бірі халықаралық оқыту орталықтарын құруы мен оның қызмет етіп жатуы.



